

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттар**

**Государственные нормативные документы в сфере архитектурной, градостроительной и строительной деятельности, жилищных отношений и коммунального хозяйства**

## **МЕТАЛЛ ҚУБЫРЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ**

### **ИНСТРУКЦИЯ ПО ЭКСПЛУАТАЦИИ ТРУБОПРОВОДОВ ИЗ МЕТАЛЛИЧЕСКИХ ТРУБ**

Ресми басылым  
Издание официальное

**Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын  
үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі**

**Агентство Республики Казахстан по делам строительства  
жилищно-коммунального хозяйства**

**Астана 2012**

## Алғы сөз

<b>ӘЗІРЛЕГЕН:</b>	«Тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамы
<b>ҰСЫНҒАН:</b>	Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің Ғылыми-техникалық саясат және нормалау департаменті
<b>ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ІСКЕ ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ:</b>	Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің 10.01.2012 ж. № 4 бұйрығымен 01.05.2012ж. бастап енгізілді.
<b>ОРНЫНА:</b>	Алғашқы рет

## Предисловие

<b>РАЗРАБОТАН:</b>	Акционерным обществом «Казахстанский центр модернизации и развития жилищно-коммунального хозяйства»
<b>ПРЕДСТАВЛЕН:</b>	Департаментом научно-технической политики и нормирования Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
<b>ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:</b>	Приказом Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства от 10.01.2012 г. № 4, с 01.05.2011г.
<b>ВЗАМЕН:</b>	Впервые

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық саласындағы Уәкілетті органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа РК в сфере архитектурной, градостроительной и строительной деятельности, жилищных отношений и коммунального хозяйства.

## Мазмұны

1	Қолданылу аясы.....	1
2	Нормативті сілтемелер .....	2
3	Жалпы ережелер .....	4
4	Сортамент, қолдану аясы және металл құбырлардың жіктелуі.....	7
5	Металл құбырларды пайдалану.....	11
5.1	Жалпы ережелер .....	11
5.2	Жылумен қамтамасыз ету жүйелері құбырларының техникалық пайдаланылуы.....	13
5.3	Суық және ыстық сумен жабдықтау жүйелерін техникалық пайдалану .....	13
5.4	Суды бұру жүйелері құбырларын техникалық пайдалану.....	15
5.5	Газбен жабдықтау жүйелері құбырларын техникалық пайдалану....	15
5.6	Металл құбырлардан жасалған құбырларды пайдалануға дайындау.....	16
5.7	Металл құбырлардан жасалған құбырларды жөндеу.....	17
5.8	Құбырлардың тірегін жөндеу.....	19
5.9	Металл құбырлардан жасалған құбырларды жуу .....	19
5.10	Құбырларды оқшаулау.....	20
5.11	Құбырлардың апатты ажыратылуы .....	20
5.12	Құбырлардың техникалық қызмет көрсетуі .....	21
5.13	Құбырларды сынау.....	23
5.14	Металл құбырларды пайдалану кезінде құбырлардың дәнекерлеу жіктері мен беттерінің күйін бақылау .....	24
6	Қосалқы құрылғыларды пайдалану .....	25
7	Металл құбырлар мен құрылғылардың күйін бақылау.....	29
8	Металл құбырларды жөндеу мен пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы .....	32
9	Нұсқаулықтың сақталуына бақылау жасау .....	33
	А қосымшасы (міндетті).....	35
	Б қосымшасы (міндетті).....	38
	В қосымшасы (міндетті).....	41
	Библиография.....	45

---

# МЕТАЛЛ ҚҰБЫРЛАРДАН ЖАСАЛҒАН ҚҰБЫРЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

---

*Енгізілу күні - 2012.05.01*

## **1 Қолданылу аясы**

1.1 «Металл құбырлардан жасалған құбырларды пайдалану бойынша нұсқаулық» атты осы нормативті-техникалық құжат (әрі қарай - Нұсқаулық) металл құбырлардан жасалған құбырларды пайдалану, ревизия жасау және жөндеуге қойылатын негізгі талаптарды, сондай-ақ оларды тексеру бойынша жұмыстардың тәртібі мен құрамын, оларды қарау мен жөндеу бойынша қауіпсіздік техникасының негізгі талаптарын белгілейді.

1.2 Осы нұсқаулықтың талаптары коммуналды кәсіпорынның техникалық персоналы, басқарушы компаниялар, жайлардың және металл құбырлардан жасалған құбырлар мен оларды жабдықтауды қадағалауды орындайтын кондоминиумның басқару объектілерінің басқа да түрлерінің меншік иелерінің кооперативтеріне және металл құбырлардан жасалған құбырларда жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары мен зерттеуді орындайтын кәсіпорын персоналына арналады.

1.3 Нұсқаулық тұрғын үй- шаруашылықтың инженерлік желілерінде қолданылатын металл құбырлардан жасалатын құбырларды пайдалану аясында, атап айтқанда жылумен қамтамасыз ету, сумен жабдықтау, су бұру және газбен қамтамасыз ету жүйелеріне қолданылады.

1.4 Осы Нұсқаулықтар қарастырады:

- металл құбырлардың жіктелуін;
- сындарлы ерекшеліктер, анағұрлым тән ақаулықтардың сипаттамасы;
- пайдалану сенімділігін қамтамасыз ету бойынша шаралар;
- табылған кемшіліктер мен ақаулықтарды түзету әдістері;
- металл құбырларды жөндеу мен пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы.

1.5 Нұсқаулық металл құбырларды қадағалауды орындайтын пайдалану персоналы үшін де және металл құбырлардың жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары мен тексеруді жүзеге асыратын кәсіпорын персоналы үшін міндетті болып табылады.

Осы Нұсқаулық негізінде металл құбырларды пайдаланатын ұйымдарда осы Нұсқаулықпен орнатылған талаптарды азайтпай, нақты талаптары мен техникалық ерекшеліктерін ескере отырып, инженерлік желілерді пайдалану бойынша жергілікті нұсқаулықтар жасалуы керек.

1.6 Металл құбырларды пайдалану бойынша шараларды жүзеге асыру кезіндегі қауіпсіздік техникасының негізгі талаптары, өндірістік санитария

және кәсіпорындағы еңбекті қорғау қауіпсіздік техникасы бойынша қолданыстағы салалық ережелерді басшылыққа алады.

## 2 Нормативті сілтемелер

- Ыстық су мег бу құбырларын қауіпсіз пайдалану мен орнатуға қойылатын өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары (Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі министрінің 2009 жылғы 21 қазандағы №245 бұйрығымен бекітілген);

- Су қыздыратын және бу қазандарын қауіпсіз пайдалану мен орнату бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары (Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі министрінің 2009 жылғы 21 қазандағы №245 бұйрығымен бекітілген);

- Жылу желілері мен жылуды пайдаланушы қондырғыларды қауіпсіздікпен пайдалану ережелері (КСРО Мемқадағалау органымен 1972 жылы 15 маусымда бекітілген);

- Технологиялық құбырларды пайдаланудың өнеркәсіптік қауіпсіздігінің талаптары (Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі министрінің 2009 жылғы 27 шілдедегі №176 бұйрығымен бекітілген);

- ҚР СНжЕ 3.05-01-2010 «Магистралды құбырлар»;

- ҚР СНжЕ 3.05.03-85 «Жылу желілері»;

- ҚР СНжЕ4.01-02-2009 «Сумен жабдықтау. Сыртқы желілер мен құрылыстар»;

- ҚР СНжЕ 4.01-41-2006 «Ішкі су құбыры және ғимарат кәрізі»;

- ҚР СНжЕ 3.05.04-85\* «Сыртқы желілер және кәріз бен сумен жабдықтау құрылыстары»;

- МҚН 4.02-02-2004 «Жылу желілері»;

- МҚН құралы 4.02-02-2004 «Жылу желілері»;

- МҚН 4.03-01-2003 «Газ тарату жүйелері»;

- МҚН 4.02-03-2004 «Құбырлар мен жабдықтың жылу оқшаулауы»;

- МЕМСТ 8732-78 «Ыстық деформацияланған жіксіз болат құбырлар. Сортамент»;

- МЕМСТ 8732-80 (СТ СЭВ 1481-80) «Ыстық өзгертілген жіксіз болат құбырлар»;

- МЕМСТ 20295-85 ( болат маркасы 17Г1С-У) «Магистральді газ мұнай құбырларына арналған болат дәнекерлеу құбырлары. Техникалық талаптар»;

- МЕМСТ 6942-98 « Кәріздік шойын құбырлары және оларға деген Фасонды бөліктері. Техникалық талаптары»;

- МЕМСТ 10692-80 «Болат, шойын және қоспалы құбырлар және оларға деген қосу бөліктері. Қабылдау, таңбалау, орау, тасымалдау және сақтау»;

- МЕМСТ 25812-83 (СТ СЭВ 5291-85) «Болат магистралды құбырлар. Тот басудан қорғауға қойылатын жалпы талаптар»;
- МЕМСТ 9544-2005 «Құбырлы бекіту арматурасы. Бекіткіштердің герметикалығының нормалары мен кластары» (түзету);
- МЕМСТ 17380-2001 (ИСО 3419-81) «Көміртекті және төмен колигерленген болаттан жасалған жіксіз дәнекер құбырлардың бөлшектері, Жалпы техникалық талаптар»;
- МЕМСТ 22130-86 «Болат құбырлардың бөлшектері. Жылжымалы тірек және аспалар. Техникалық талаптар»;
- МЕМСТ 24950-81 «Иілген бұрулар және болат магистралды құбырлардың сызықтық бөліктердің бұрылысындағы қисық кірістірме. Техникалық талаптар»
- МЕМСТ 12822-80\* «0,1 ден 2,5 МПа РУ (1 ден 25 кгс/см<sup>2</sup>) дәнекерленген шығыршықтағы еркін болат фланцтар. Құрылымы мен өлшемдері»;
- МЕМСТ 12816-80\* Ру 0,1 тан 2,0 МПа дейін (1 ден 200 кгс/см<sup>2</sup> дейін) қоспа бөлшектерінің және құбырлардың арматураларының фланцтары. Жалпы техникалық талаптары».
- МЕМСТ 12821-80\* Ру 0,1 тан 2,0 МПа дейін (1 ден 200 кгс/см<sup>2</sup> дейін) болат дәнекерленген фланцтар. Құрылысы мен көлемі»;
- МЕМСТ 12820-80\* Ру 0,1 тан 2,5 МПа дейін (1 ден 25 кгс/см<sup>2</sup> дейін) болат тегіс фланцтар. Құрылысы мен көлемі»;
- МЕМСТ 12819-80\* Ру 1,6 дан 20,0 МПа дейін (16 ден 200 кгс/см<sup>2</sup> дейін) болат құйылған фланцтар. Құрылысы мен көлемі»;
- МЕМСТ 12818-80\* «Ру 1,6 дан 4,0 МПа дейін (16 дан 40 кгс/см<sup>2</sup> дейін) созылымды шойыннан құйылған фланцтар. Құрылысы мен көлемі.
- МЕМСТ 12817-80\* Ру 0,1 ден 1,6 МПа дейін (1 ден 16 кгс/см<sup>2</sup> дейін) сұр шойыннан құйылған фланцтар. Құрылысы мен көлемі.
- МЕМСТ 12815-80 (СТ СЭВ 3249-81, СТ СЭВ 3250-81, СТ СЭВ 3251-81) «Ру 0,1 дан 20,0 МПа дейін (1 ден 200 кгс/см<sup>2</sup> дейін) құбырлар мен қоспа бөлшектердің арматураларының фланцтары». Түрлері. Қосатын көлемдері және нығыздау беттерінің көлемдері. (Түзету)
- МЕМСТ 17380-2001 (ИСО 3419-81) төменқоспасыз болаттан және көміртекті тігіссіз дәнекерленген арматурақұбырлардың бөлшектері.
- МЕМСТ 22130-86 («Болат құбырлардың бөлшектері. Жылжымалы тіреуіштер және аспалар. Техникалық талаптары»;
- МЕМСТ 24950-81 «Болат магистралдық құбырлардың желілік бөлігінің иілген бұрылыстар және қисық енгізулер. Техникалық талаптар»;
- МЕМСТ 12822-80\* Ру 0,1 тан 2,5 МПа дейін (1 ден 25 кгс/см<sup>2</sup> дейін) шығыршығындағы тігісте орналасқан болат еркін фланцтар. Құрылысы мен көлемі»;

- ҚР СТ ИСО 15761-2004 (ИСО 15761:2002, IDT) «Мұнай және газ өнеркәсібі. Болат бекітпе, шар және DN100 және одан төмен өлшемге арналған кері арматура»;
- ҚР СЕ 41-103-2000 «Құбырлар және жабдықтың жылу оқшаулауын жобалау»;
- ҚР СЕ 4.01-102-2001 «Металл полимер құбырларын пайдалана отырып, ішкі ыстық және суық сумен қамтамасыз ету жүйелерінің құбырларын жобалау және монтаждау»;
- ҚР СЕ 4.02-04-2003 «Жылу желілері. Индустриалды өндірістің пенополиуретанды оқшаулауы бар болат құбырларын арнасыз төсеу желілерінің құрылысы және жобалау»;
- ҚР СЕ 4.01-14-2005 «Шар тәріздес графитпен берік шойыннан жасалған сумен жабдықтаудың жер асты құбырларын монтаждау және жобалау»;
- ҚР ҚН 4.01-03-2011 «Кәріз. Сыртқы желілер мен құрылыстар»;
- ҚР БҚ 34.20.520-05 «Жылу желілерін электрохимиялық тот басудан қорғау бойынша ережелер мен нормалар»;
- ҚР БҚ 34.0-20.507-08 «Жылу энергиясын (жылу жүйелері) тарату мен көлік жүйелерін техникалық пайдалану жөніндегі типтік нұсқаулық»;
- ҚР 34 ҚР.0-20.522-05 «Пайдалану процесінде жылу желілерінің құбырларына жүйелі техникалық куәландыру жүргізу бойынша типтік нұсқаулық»;
- ҚР БҚ 38.13.004-86 «10,0 МПа (100 кгс/см<sup>2</sup> дейін қысым астындағы технологиялық құбырларды пайдалану және жөндеу»;
- ҚР БҚ 34.03.204-05 «Құралдар мен аспаптармен жұмыс кезінде еңбекті қорғау мен қауіпсіздік ережелері».
- ТШ 14-3-1128-2000 «Газлифті жүйелерінің газ құбырларына арналған ыстық деформацияланған жіксіз болат құбырлар және газ кен орындарының құрылғылары. Техникалық талаптары»;
- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруышылығы министрінің м.о. 2009 жылғы 19 маусымдағы №360 «Тұрғылықты жерлерде су бұру мен сумен жабдықтау жүйелерін техникалық пайдалану Ережелерін бекіту туралы» бұйрығы;

### **3 Жалпы ережелер**

3.1 Металл құбырларды арынды магистральді, квартал ішілік немесе жалпы үй ішіндегі және пәтер ішіндегі инженерлік жүйелерді және жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, суды дұру және газбен қамтамасыз ету жабдықтарын монтаждау үшін қолданады.

3.2 Құбырлар мен олардың элементтерін әзірлеу үшін қолданылатын метариалдың сапасы мен қасиеті тиісті стандарттардың талаптарын қанағаттандыруы керек, бұл сертификатты стандарттар нәтижелерімен

расталуы керек немесе жабдықтаушы- зауыттар сертификаттарымен сүйемелденуі керек.

3.3 Металл құбырларды пайдалануға қойылатын негізгі талаптар:

- тұтынушыларды белгіленген сападағы қызмет түрлерімен (су, жылу, газдың қажетті көлемде берілуі) үздіксіз қамтамасыз ету;
- адамның өмірі мен денсаулығы және қоршаған ортаның қауіпсіздігі;
- белгілі бір материалдан дайындалған құбырлар сортаментінде қажетті көлемі мен түрінің болуы;
- күрделі жөндеулердің минималды саны кезінде ғимараттың қызмет ету мерзімімен өлшемдес қызмет мерзімі (ұзақ мерзімділік);
- тасымалданатын және сыртқы ортаға коррозиялық беріктілік;
- жоғары ылғалдылық шарттарында ұзақ жұмыс істеу мүмкіндігі;
- жұмыс қысымдарының барлық диапазонындағы герметикалық;
- жөндеуге жарамдылық (қарау, қызмет көрсету, жөндеу, монтаждау және бөлшекту мүмкіндігі);
- ішкі қысымға, температура және сыртқы әсерлерге беріктілік;
- электр өрт қауіпсіздігі;
- пайдалануға кететін минималды шығындар, дайын өнімді жоғалту және қоршаған ортаға залалын тигізу;
- монтажға кететін минималды шығындар.

3.4 Металл құбырлардың құрылымы қауіпсіз және үздіксіз пайдалануды қамтамасыз етуі керек, оның толық босатылу, тазартылу, жуылу, сыртқы және ішкі қаралу, бақылау мен жөндеу, оның ішінен гидравликалық сынау кезінде ауаның және судың шығарылу мүмкіндігін қарастыруы керек.

3.5 Металл құбырлардың құрылымы сыртқы және ішкі қарауларды, сынау немесе бақылауларды жүргізуге мүмкіндік бермеген жағдайда орындалуы ақауларды түзету мен уақытылы анықтауды қамтамасыз ететін бағалаудың, жүйелілік және бақылау көлемінің бар әдістемесін басшылыққа алуы керек.

3.6 Құбырды монтаждау кестесін таңдау үшін, оның құрылымының дұрыстығы, беріктілік есебі мен материалды таңдау, қабылданған қызмет мерзімі, әзірлеу сапасы, монтаждау мен жөндеу, сондай-ақ құбырдың қауіпсіздік ережелеріне сәйкес келуі үшін жобалау-зерттеу және монтаждау жұмыстарын орындаған ұйым жауапты болады.

3.7 Құламалы магистралды құбырға орнатылған бекіту арматурасы тақ нөмірмен белгіленеді, ал кері құбырдағы оған сәйкес келетін арматура одан кейінгі үлкен жұп нөмірмен белгіленеді.

3.8 Магистралды, квартал ішіндегі және үй ішіндегі құбырдың желілік және қорек құбырларының кестесіне сәйкес нөмір мен атаулар жазуы бар маңдайшалары, сондай-ақ штурвалдың айналу бағытының көрсеткіштері болуы керек.



3.9 Құбырлардың жылу оқшаулау құрылымы мен олардың элементтері дұрыс және құрғақ күйін ұстануы керек. Металл құбырлардың жылу оқшаулануының тұтастығын бұзуға жол берілмейді. Жылу оқшаулауының тұтастығын бұзылуын байқаған кезде анықталған бұзушылықтарды жою бойынша жұмыстар жүргізу қажет. Одан кейін еркін нысанда анықталған бұзушылықтарды жою актісі жасалады.

3.10 Ашық ауада орналасқан желілік судың кері құбырлары жылу оқшаулауының жабық металл жабыны болуы керек.

3.11 Қысымды магистралды, квартал ішіндегі, үй ішіндегі құбырлардың оқшаулауы жасыл түске боялады, оның үстіне кері және беретін құбырларға сары және қоңыр түсті таңбалау шығыршықтары жағылуы керек.

Қорғаныс жабыны немесе алюминий бояу болған кезде құбырлардың бетіне сол түсті таңбалау шығыршықтары жағылуы керек. Шығыршық арасындағы қашықтық, жергілікті шарттарға байланысты 1 ден 5 м дейін болуы керек. Бағдар қолайлығы үшін шығыршықтары міндетті түрде ысырманың екі жағынан және қабырғадан кіру және шығу алдында жағылуы керек.

3.12 Құбырдағы бояу (түсі, түрлі-түсті шығыршықтар көлемі) және жазбалар (шартты әріптік белгілер, әріптер мен цифрлардың көлемдері) тиісті нормативті құжаттарға сәйкес келуі керек.

3.13 Магистралды желілік құбырларында келесі жазбалар жасалуы керек:

- магистрал нөмірі (Рим цифры);
- жұмыс ортасы қозғалысының бағытын көрсететін көрсеткіш;
- жылу тасушысының әріптік белгілері (беретін құбыр - П.С., кері құбыр - О.С.).

3.14 Магистралды, желілік және қорек құбырларында жылу генерациялау қондырғы шегінде көрсетілуі керек:

- жұмыс ортасының қозғалыс бағытына көрсететін көрсеткіштер;
- жылу тасушысының әріптік белгілер (мысалы, желілік су – Ж.С., қорек беретін желілік су - В.П.).

Әріптер мен цифрлар баспа шрифтімен орындалады. Жазбалар құбырдың негізгі бояуының реңіндегі нақты көрінетін сырмен жазылады. Жазбаларды түрлі-түсті шығыршықтарға орналастыруға тыйым салынады.

3.15 Бір құбырдағы жазбалар саны нормаланбайды. Жазбалар басқару орындарынан ысырмалармен көрінуі керек. Құбырдың басқа жайға кіруі мен шығуы орындарында, сондай-ақ өтпелі емес арнаның кірісі мен шығысында жазбалар міндетті түрде болуы керек.

3.16 Қоректендіру және желілік су құбырлары технологиялық бақылау, автореттеу және қорғау құралдарымен жарақталуы керек.

3.17 Желілік құбырларды толтыру, оларды жуу, дезинфекциялау, циркуляцияны қосу және инженерлік желілерді іске қосу бойынша басқа да

операциялар, сондай-ақ желі немесе оның жеке элементтерінің кез келген сынаулары және құрылымдары құбырларды пайдаланатын кәсіпорынның басшылығымен бекітілген арнайы әзірленген техникалық бағдарламасы бойынша құрылымдық бөлімше басшысынан төмен емес жауапты тұлғаның басшылығымен орындалуы керек және мүдделі ұйымдарымен келісілуі керек.

3.18 Құбырдың пайдаланылуын жүзеге асыратын ұйым, құбырдың қауіпсіз пайдаланылуы, оның жұмыс істеуіне бақылау, ревизия мен жөндеудің жүргізілу сапасы мен уақыттылығы, сондай ақ жобалау құжаттамасы мен объектіге енгізілетін өзгерістер жобасының авторымен келістіру үшін құбырдың пайдаланылуын жүзеге асыратын ұйым толық жауапкершілікті көтереді.

#### **4 Металл құбырлардың жіктелуі және қолданылу аясы, сортамент**

4.1 Жылумен қамтамасыз ету, сумен жабдықтау, су бұру және газбен жабдықтау инженерлік желілерінің құбырларын әзірлеу үшін түрлі термоберіктілігі мен сенімді қасиеттерімен ерекшеленетін, қоспаланған және көмірсутекті болаттардан құбырларды қолданады. Техникалық сипаттамасы оларды өмірмен қамтамасыз ету жүйелерінде қолдануға мүмкіндік беретін жаңа материалдардың қолданылуы рұқсат етіледі.

4.2 Құбырларды дайындау үшін қолданылатын материалдар мен дайын бұйымдардың техникалық сипаттама мен сапасы тиісті паспорттар немесе сертификаттармен расталады. Паспорттар мен сертификаттары жоқ материалдар мен бұйымдар әрі қарай сапа сертификатын берумен мамандандырылған зертханалар шарттарында нормативті-техникалық құжаттама талаптарына техникалық сипаттамаларының Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативті-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес келуіне алдын ала сынау және тексерусіз қолдануға жіберілмейді.

4.3 Технологиялық құбырлардың құбыр материалдарын инженерлік желілердің Қазақстан Республикасында қолданылатын нормативтерге сәйкес таңдау керек. Құбырлар бөлшектерінің материалы, әдетте қосылатын құбырлар материалына сәйкес келуі керек. Әр түрлі текті болатты дәнекерлеу мен қолдану кезінде тиісті нормативті-техникалық құжаттардың нұсқауларын басшылыққа алу керек.

4.4 Көміртекті болаттан жасалған құбырларды 450 °С астам емес температура кезінде агрессивті, аз агрессивті және орташа агрессивті өнімдерін қолданады.

4.5 Қоспаланған және жоғары қоспаланған болаттардан жасалған құбырларды 600 °С дейінгі температура кезінде агрессивті өнімдерді тасымалдау үшін, сондай-ақ 450 °С жоғары температура кезінде орташа агрессивті өнімдерді тасымалдау үшін қолданады.

4.6 Металл құбырлардың түрі мен көлемі тасымалданатын ортаға байланысты болады және тиісті сортиментке сәйкес қолданылады.

Металл құбырларының сортаменті нормативті-техникалық құжаттармен, МЕМСТмен және стандарттармен реттеледі (1 кесте).

**1 кесте - Жылумен қамту, сумен жабдықтау жүйелерінің технологиялық құбырларына арналған металл құбырларының сортаменті**

Құбырлар түрі	МЕМСТ/ҚР СТ	Құбырлар өлшемі		
		Сыртқы диаметр, мм	Қабырға қалыңдығы, мм	Ұзындығы, м
Су және газ өткізгіш құбырлар	МЕМСТ 3262-75	10,2-165	1,8-5,5	4-12
Жіксіз ыстық деформацияланған болат құбырлар. Сортамент	МЕМСТ 8732-78 (РФ МЕМСТ 8732-80)	8-1620 (20-426)	1-14,0 (2,5-10)	1,5-18,0 (4-12,5) (тапсырыс бойынша)
Жіксіз ыстық деформацияланған болат құбырлар. Техникалық талаптар.	МЕМСТ 8731-74 (СТ СЭВ 1482-78)	8-1620	1-14,0	1,5-18 (тапсырыс бойынша)
Магистралды газ және мұнай құбырларына арналған болат құбырлар	МЕМСТ 20295	114-1420	3-11,0	10,6 - 12,2, 13,6 дейін (тапсырыс бойынша)
Болат электр дәнекерлеу тік жікті құбырлар	МЕМСТ 10704-91, МЕМСТ 10706-76 (СТ СЭВ 489-77), МЕМСТ 10705-80	10-1420	1,0-3,0	2,0-12,0 (тапсырыс бойынша)
Болат электр дәнекерлеу спираль жікті құбырлар	МЕМСТ 10704 -91	720-3020	10,0-28,0	3,0-9,0
Кәріздік шойын құбырлары және оларға деген Фасонды бөліктері. Техникалық талаптары	МЕМСТ 6942-98	50 100 150	4,0 4,5 5,0	0,75-2,2

Болат, шойын және қоспалы құбырлар және оларға деген қосу бөліктері. Қабылдау, таңбалау, орау, тасымалдау және сақтау	МЕМСТ 10692-80	50	4,0	0,75-2,2
		100	4,5	
		150	5,0	

4.7 Жоғары коррозиялық беріктілік және пайдаланудың күшейтілген ресурсымен ерекшеленетін су құбыр және жылу жүйелерінің құбырлары үшін 12,5 МПа дейін жұмыс қысымымен су және газ өткізгіш және электр дәнекерлеу құбырларын қолдану ұсынылады.

4.8 Табиғи, сұйылтылған және басқа жанармай газдарын тасымалдайтын құбырлар үшін мемлекеттік стандарттар немесе 1 кестеде көрсетілген арнайы техникалық талаптарға сәйкес орындалған ыстық немесе суық жіксіз құбырларын қолдануға болады.

4.9 Ішкі және сыртқы кәріз желілері үшін жоғары антикоррозиялық қасиеттерімен ерекшеленетін шойын құбырларын қолданады.

4.10 Жіксіз құбырлар жоғары қысымды инженерлік құбырларда қолданылады. Әр жіксіз құбыр құбырға деген стандарттарда көрсетілген сынамалы қысыммен гидравликалық сынаудан өту керек.

4.11 Спиральді немесе бойлық жіктері бар электродәнекерлеу құбырларын пайдалану бар ұзындық бойынша дәнекерлеу жігін ультрадыбыстық және радиографикалық бақылаудың орындалу шарттары кезінде құбырлардың тік сызықтық учаскелерінде рұқсат етіледі.

4.12 Құбырлы шойын құбырлары мен бөлшектерді құм қалыптарына стационарлы құю арқылы Сч. 15-32 төмен емес сұр шойын маркасынан 10 және 16 кгс см<sup>2</sup> тең болатын шартты қысымға дайындайды. Құбырларды 6 м дейінгі ұзындықпен және 7.5 ден 30 мм дейін қабырға қалыңдығы және 50 ден 1000 мм дейін шартты өткізгішімен әзірлейді. Технологиялық құбырларда мұндай құбырларды сирек қолданады, негізінен су бұру өндірістік жүйесі мен сыртқы өндірістік су бұру желілері үшін қолданады.

4.13 Қысымды полиэтилен-алюминий-полиэтилен типті металл полимерлі құбырлар құрамдастырылған бес қабатты құрылым болып табылады, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, кәріз және газбен қамтамасыз етудің инженерлік жүйелері құбырларында қолдануға ұсынылады.

Полиэтилен қабығы ішіндегі пенополиуретаннан жасалған жылу оқшаулауы бар болат құбырлар 130 °С дейінгі температурасы және 1.6 МПа дейін жұмыс қысымы жылу тасушысының есептік параметрлерімен жылу желілерін жер асты арнасыз төсеу үшін қолдануға ұсынылады.

4.14 Қолданыстағы Жіктегішке сәйкес тасымалданатын заттың қауіптілік класына байланысты 10 МПа (100 кгс/см<sup>2</sup>) дейінгі қысым астындағы құбырлар (жарылғыштар-, өрт қауіптілігі және зияндылығы) (А,

Б, В) топтарына бөлінеді және аясының жұмыс параметрлеріне байланысты бес санатқа бөлінеді (I, II, III, IV, V). Құбырлардың жіктелуі 2 кестесінде келтірілген.

**2 кесте - Құбырлардың жіктелуі  $P_y \leq 10$  МПа (100 кгс/см<sup>2</sup>)**

Топтар	Тасымалданатын заттар	Құбырлардың санаты										
		I		II		III		IV		V		
		P-есеп, МПа (кгс/см <sup>2</sup> )	t_расч., С	P-есеп., МПа (кгс/см <sup>2</sup> )	t_есеп., С	P-есеп., МПа (кгс/см <sup>2</sup> )	t_есеп., С	P-есеп., МПа (кгс/см <sup>2</sup> )	t_есеп., С	P-есеп., МПа (кгс/см <sup>2</sup> )	t_есеп., С	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	
А	Улы әсер бар заттар											
	а) 1, 2 класты ас және жоғары қауіпті заттар	Байланыссыз түрде	Байланыссыз түрде	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Б	б) 3 класты орташа қауіпті заттар	2,5 (25) астам	300 астам және 40 минус	Вакуум 0,08 тен (0,8) (абс) 2,5 (25) дейін	-	-	-	-	-	-	-	-
	Жарылғыш -өрт қауіптілігі бар заттар	2,5 (25) астам	300 астам және 40 минус	Вакуум 0,08 тен (0,8) (абс) 2,5 (25) дейін	-	-	-	-	-	-	-	-
	а) жанар жағар май заттар (ГГ), оның ішінде сұйылтылған көмірсутекті газдары (СКГ)	Вакуум 0,08 (0,8) (абс) төмен	Байланыссыз түрде	Вакуум 0,08 тен (0,8) (абс) 2,5 (25) дейін	-	-	-	-	-	-	-	-
	б) тез жанғыш сұйықтар (ТЖС)	Вакуум 0,08 (0,8) (абс) төмен	Байланыссыз түрде	1,6 (16) астам 2,5 (25) дейін	120 дан 300 дейін	1,6 (16) дейін	40-тан 120 дейін	-	-	-	-	-
В	в) жағар май сұйықтары (ЖС)	2,5 (25) астам	Байланыссыз түрде	1,6 (16) астам 2,5 (25) дейін	40-тан 300 дейін	1,6 (16) астам 2,5 (25) дейін	120 астам 250 дейін	1,6 (16) дейін	40-тан 120 дейін	-	-	-
	Қиын жанатын (ҚЖ) және жанбайтын заттар (ЖЗ)	Вакуум 0,08 (0,8) (абс) төмен	300 астам және 40 минус	Вакуум 0,08 (0,8) (абс) төмен	250 астам 350 дейін	Вакуум 0,08 (0,8) (абс) төмен	250 астам 250 дейін	-	-	-	-	-
		6,3 (63) астам	300 астам және 40 минус	2,5 астам 350 дейін	Сол	350	2,5 (25) астам 6,3 (63)	40-тан 250 дейін	1,6 (16) астам 2,5 (25) дейін	120 астам 250 дейін	1,6 (16) дейін	40 тан 120 дейін

		төмен Вакуум 0,003 (0,03) (абс) төмен	350 астам және - 40 ткмен  Сол  -	Вакуум 0,08 (0,8) (абс) төмен  6,3 (63) астам Вакуум 0,08 (0,8) (абс) төмен	астам 450 дейін	дейін	дан 350 дейін				
--	--	--	---	---	-----------------------	-------	---------------------	--	--	--	--

4.15 Жылумен қамтамасыз ету, сумен жабдықтау және кәріз инженерлік жүйелерінің құбырлары Жіктеуге сәйкес жанбайтын заттарды тасымалдайтын «В» санатты құбырларға сәйкес келеді.

4.16 Газбен қамтамасыз ету инженерлік желілерінің құбырлары «Б» санатты құбырларға сәйкес келеді.

4.17 Станциялық құбырлары жұмыс ортасы температурасына байланысты екі топқа бөлінеді.

4.18 Бірінші топ - ортаның жұмыс параметрлері бойынша белгіленетін ыстық су және бу құбырларын қауіпсіз пайдалану және құрылғы ережелері бойынша төртінші санатқа жататын құбырлар:

- 1,57 МПа (16 кгс/см) дейінгі қысым;
- 115 °С астам температура.

Оларға жылу желісінің есептік режимі кезінде жұмыс ортасының температурасы бойынша құбырлардың төртінші санатының төменгі шегіне қол жеткізілетін жылу дайындайтын құрылғысының сатысынан басталатын беретін құбырлар жатқызылады.

4.19 Екінші топ - желілік судың төмен температурасы салдарынан (115 °С және төмен) «санаттылығы» жоқ құбырлар. Оларға желілік су температурасы есептік режимде 115 °С жетпейтін жылу дайындайтын құрылғы шегінде беретін құбырлары мен кері құбырлар жатқызылады.

## **5 Металл құбырларды пайдалану**

### **5.1 Жалпы ережелер**

5.1.1 Металл құбырларынан дайындалған жылумен қамту, сумен жабдықтау, су бұру және газбен қамтамасыз ету инженерлік желілерінің құбырларын техникалық пайдалану келесі шараларды қарастырады:

- құбырларды техникалық пайдалану;
- құбырлардағы жоспарлы жөндеу жұмыстары (ағымдағы және күрделі жөндеу);
- құбырлардағы апатты- қалпына келтіру жұмыстары;

- құбырларда мерзімді жұмыс істейтін қосалқы жабдықтарды қосу және ажырату;

- жұмыс істемейтін құбырларды ажырату;

- абоненттер өтінімдері бойынша жөндеу жұмыстарын орындау.

5.1.2 Құбырларды пайдалану кезінде құбырлардың және олардың элементтерінің күйіне жүйелі бақылауды жүзеге асыру қажет (дәнекерлеу жіктері, фланцты қосылулар, арматура); антикоррозиялық қорғаныс және оқшаулау, компенсаторлар, тірек құрылымдары және т.б. пайдалану журналындағы нәтижелер жазбасы.

5.1.3 Құбырларды қауіпсіз пайдалануды бақылау қолданыстағы нормативті-техникалық құжаттамаға сәйкес ұйымның белгілеген тәртібінде жүзеге асырылады.

5.1.4 Құбырларды пайдалану процесінде жүйелі бақылау кезінде тексереді:

- сыртқы қарау жолымен және қажеттілікке қарай жоғары коррозиялық және эрозиялық тозу, жүктелген қималары, кебу және т.с.с. орындарында бұзылмайтын бақылау арқылы құбырлардың техникалық күйін тексеру;

- алдыңғы тексеру бойынша ескертулерді түзету және металл құбырлардың қауіпсіз пайдаланылуы бойынша шараларды орындау;

- құбырларды пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу бойынша техникалық құжаттаманы жүргізудің тәртібі мен толықтығын.

5.1.6 Жылумен қамтамасыз ету, сумен жабдықтау және газбен қамтамасыз ету инженерлік желілері құбырларын үздіксіз пайдалану үшін жүргізеді:

- құбырлы арматура (құбырлар), оқшаулау және жабындар, дәнекерлеу жіктері, фланцты және муфталы қосылулар, құбырларды орнатуға арналған құрылғылар мен бекіткіштер, тіреу құрылымдары, компенсациялау құрылғылары, дренажды құрылғылар, құбырлы арматура, дәнекерлеу үштік қосылулар, иілімдер мен бұрулар;

- металл құбырларға қосалқы құрылғыларды монтаждау, жүргізілгеннен соң суды және сынау кезінде ауаны шығару үшін тіреуіштерде тығын крандарын орнату;

- құбырлар мен қыздыру құралдарының бұзылған крандарын алмастыру;

- инженерлік желі құбырларында бекіткіш арматура герметикалығын тексеру;

- сынамалы сынауларды жүргізеді, гидравликалық сынауларды жүргізу.

5.1.7 Инженерлік желілер құбырларын пайдалану процесінде келесі шараларды жүргізу ұсынылады:

- құбырлардың битуммен қосылуының герметизациясы;

- қосымша кронштейнтерді орнатумен су құбырлы және кәріздік құбырларды бекіту;

- ревизия қақпақтарында резеңке төсемдерін алмастыру;
- катуы мүмкін орындарда құбырлардың жылу оқшаулауын жөндеу;
- ысырма, крандар, бұранда, қоспалауыш және басқа арматураны жөндеу;
- трап, сифондар, ревизиялар және кәріздің басқа жеке бөлшектерін жөндеу;
- бақылау-өлшеу құралдарын алмастыру;
- су есептеуішінің сүзгісін тазалау;
- кәріздік жантайманы тексеру;
- бұранда, крандар, ысырмалардағы сальниктерді шыңдау;
- су құбырлы крандарды тазарту;
- құбырларды жоспарлы алмастыру.

## **5.2 Жылумен жабдықтау жүйелері құбырларын техникалық пайдалану**

5.2.1 Жылумен жабдықтау жүйелері құбырларын техникалық пайдалану жылытылатын жай ішінде ауаның есептік температурасының ұсталуын және құбырлардың кестелеріне бікіткіш реттеу арматурасын қосу жолымен жылу тасушысының параметрлерін реттеу мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек.

5.2.2 Жылумен жабдықтау жүйелерін пайдалануға қойылатын негізгі техникалық талаптар қолданыстағы нормативті-техникалық құжаттарда келтірілген: МСН 4.02-02-2004, СНжЕЗ.05.03-85, МЕМСТ 36-68-82, МЕМСТ 3262-75, МЕМСТ 6942-98, МЕМСТ 8731-74, МЕМСТ 20295, МЕМСТ 10704-91, МЕМСТ 10706-76, МЕМСТ 10705-80; МЕМСТ 10704-91.

5.2.3 Жылумен жабдықтау жүйелері құбырларын техникалық пайдалану жұмыстардың келесі түрлерін қосады: құбырлардың жұмыс істеуін бақылау және құбырлардағы ақаулықтарды түзету.

- 5.2.4 Жылыту жүйелерінің металл құбырларының негізгі ақаулықтары:
- құбырлардың еңіс- пішіндерін сақтамау;
  - жылу жүйелері магистралды құбырларының қоқысталу кесірінен металл құбырлардың қыздырылмауы;
  - тасымалданатын ортаның технологиялық шығындарын ұлғайтатын дәнекер қоспаларының герметикалық еместігі;
  - гидравликалық кедергінің ұлғаюынан басқа құбырлардың минералды, коррозиялық және тұнбалы қабаттарымен бітелуіне әкеліп соқтырады.

## **5.3 Суық және ыстық сумен жабдықтау жүйелері құбырларын техникалық пайдалану**

5.3.1 Суық және сумен жабдықтау жүйелері құбырларын техникалық пайдалану қажетті мөлшерде, талап етілген тегеурінмен, және сапалы, ауыз



судың мемлекеттік стандарттарына жауап беретін сумен үздіксіз жабдықталуын қамтамасыз етуі керек.

5.3.2 Сумен жабдықтау жүйелерін пайдалануға қойылатын негізгі техникалық талаптар қолданыстағы нормативті-техникалық құжаттарда келтірілген: ҚР СЕ 4.01-102, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.о. 2009 жылғы 19 маусымдағы № 360 бұйрығы; ҚР СНЖЕ 4.01-02-2009, ҚР СНЖЕ 4.01-41-2006, ҚР СНЖЕ 3.05.04-85\*.

5.3.3 Суық және ыстық сумен жабдықтау жүйелерінің металл құбырларын техникалық пайдалану ішіне жұмыстың келесідей түрлерін қосады:

- металл құбырлардың жұмысын бақылау;
- жүйенің ұзақ мерзімділігін қамтамасыз ету;
- шығындар мен судың ағуын болдырмау;
- жүйелердің қатуының алдын алу;
- жұмыс істейтін жүйелердің жасайтын шуымен күресу;
- ағымдағы\ күрделі жөндеуді жүргізу;
- жобалау және құрылыстық кемшіліктерді анықтау және оларды жою;
- металл құбырлардың беттерінің агрессивті коррозиядан тұтастығын қорғау;
- минералды, коррозиялық және тұнбалы қабаттардың құбырды бітеуін болдырмау бойынша шаралар.

5.3.4 Сумен жабдықтау жүйелерінің металл құбырларының негізгі ақаулықтары:

- құбырларды пайдалану кезінде шудың пайда болуы, жою үшін төсемдердің күйін тексеру ұсынылады; құбыр қиылысының тарылуы немесе тұтастығы; құбырдағы ауа тығынының пайда болуы; құбырдағы судың жылдамдығын 3 м/с дейін төмендету; құбырлар мен сорғылардың діріл және дыбыс оқшаулауы;

- құбырлардың мерзімінен бұрын тозуы, нәтижесінде жайды желдету мен құбырларды жылу оқшаулау жолымен дымданудан құбырларды қорғау бойынша шараларды қолдану қажет;

- қосылу орындарында металл құбырлардағы белсенді коррозияның пайда болуының алдын алу үшін құбырларды антикоррозиялық негізбен жүйелі бояуды жүргізу немесе күрделі жағдайларда цинктелген құбырларды қолдану;

- металл құбырлардың ішкі беттерінің бітелуінің алдын алу үшін, гидропневматикалық жуу әдістерін қолдану ұсынылады (1 м<sup>3</sup> суға 6 м<sup>3</sup> ауа қосылады); жоғары қысымды гидравликалық жуу; химиялық әдіс (тұзды қышқылдың 25 % пайыз ерітіндісі немесе фосфатты жиынтық); құбырлардың учаскелерін алмастыру жолымен механикалық әдіс;

- құбырдың қатып қалуының алдын алу үшін, электроқыздырғышты қолдану ұсынылады. Ол үшін кез келген төмендететін 200-400 А токтың күшіне есептелген транс-Форматор және 36 В кернеу қажет.

Трансформатордың төмендететін орамын құбырдың қатып қалған учаскелерінің қарама қарсы ұштарына қосады. Аула желісі үшін бір ұшы су жинайтын құдықта, екіншісі үйге кірерде. Электрөткізгіштерін құбырдағы қосу орындары және олардың ұштарын жылтыратып тазартады және қамыттың көмегімен сенімді етіп қосады. Үйдегі жақын тұрған жердегі су жинайтын кранды ашады және трансформаторды қосады және құбырдың қыздырылуын бақылайды.

#### **5.4 Су бұру жүйелерінің құбырларын техникалық пайдалану**

5.4.1 Су бұру жүйелері құбырларын техникалық пайдалану тұрмыстық-шаруашылық және өнеркәсіптік сулардың үздіксіз бұрылуын қамтамасыз етуі керек. Шаруашылық-тұрмыстық суларды бұру қоқыс және тіректің пайда болуынсыз жүзеге асырылуы тиіс, яғни құбырлардың қиылысқан жері коммуналды ағындардың кедергісіз ағуын қамтамасыз етуі керек.

5.4.2 Су бұру жүйелерін пайдалануға қойылатын негізгі техникалық талаптар келесі қолданыстағы нормативті – техникалық құжаттар ішінде келтірілген: ҚР СНжЕ 4.01-41-2006, ҚР СНжЕ 3.05.04-85\*; ҚР СНжЕ 2.04.03-85.

5.4.3 Су бұру жүйелерінің металл құбырларынан құбырларды техникалық пайдалану жұмыстың келесі түрлерін қосады:

- кәріздік құбырларға техникалық қызмет көрсету;
- кәріз құбырларына апатты-қалпына келтіру жұмыстары;
- шойын құбырлардан кәріздің жұмыс істеуін бақылау;
- бітеліп қалуды болдырмау, босату, тазалау, жуу;
- ағымдағы/күрделі жөндеуді жүргізу;
- жобалау және құрылыстық кемшіліктеді анықтау және оларды жою;
- құбырларды тот басудан қорғау;
- құбырдың бітеліп қалуын болдырмау бойынша шаралар.

5.4.4 Су бұру жүйесінің металл құбырларының негізгі ақаулықтары:

- кәріз құбырларының жапсарланған қосылуларының бұзылуы;
- қалдық өзгеру салдарынан құбырлардың тұтастығы мен еңістердің бұзылуы;

- Сифондардағы су ысырмасының вакууммен «үзілуі» нәтижесінде ағынды судың жылдам ағысы кезінде сифондар жұмысының бұзылуы, оның нәтижесінде жағымсыз иістер;

- желдетпе жұмысының бұзылуы.

#### **5.5 Газбен жабдықтау жүйелері құбырларын техникалық пайдалану**

5.5.1 Газбен жабдықтау жүйелерінің құбырларын техникалық пайдалану газдың тұтынушыға үздіксіз тасымалдануын қамтамасыз ету керек

(табиғи/сұйылтылған), сондай-ақ оның анағұрлым тиімді және қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету керек.

5.5.2 Газбен жабдықтау жүйелерінің металл құбырларынан құбырларды техникалық пайдалану жұмыстардың келесі түрлерін қосады:

- газ құбырларының техникалық қызмет көрсетуі;
- құбырлардағы апатты-қалпына келтіру жұмыстары;
- металл құбырлардан газ өткізгішінің қызметін бақылау;
- газдың ағуы мен шығынын болдырмау;
- ағымдағы/ күрделі жөндеуді жүргізу;
- жобалау және құрылыстық кемшіліктерді анықтау және оларды жою;
- құбырларды тот басудан қорғау, катодты-анодты шаралар.

5.5.3 Газбен жабдықтау жүйелерінің металл құбырларының негізгі ақаулықтары:

- құбырдың өзгеруі салдарынан құбырдың диаметрінің тарылуы, құбыр учаскесінің апатты ажыратылуы ұсынылады және апатты учаскені алмастыру бойынша шаралар жүргізілуі керек;

- тасымалданатын ортаның технологиялық шығындарын ұлғайтатын дәнекер, бұрандалы және фланцты қосылыстардың герметикалық еместігі, бұл нәтижесінде қауіпті жарылыс жағдайдың пайда болу қаупін тудырады;

- тірек құрылымдары мен құралдарды орнату үшін құрылғылар мен тірек құрылымы тұтастығының бұзылуы;

- агрессивті ортаның әсер ету ортасында қосылған жерлерде металл құбырларда белсенді тот басудың пайда болуы, антикоррозиялық негізбен жүйелі сырлауды жүргізу ұсынылады немесе күрделі жағдайларда цинктелген құбырларды қолдану керек;

- механизмдер және техникамен құбырдың ақау алуы, апатты учаскені алмастыру бойынша шараларды іске асыру және құбыр учаскесін апатты ажырату ұсынылады;

- желдету жұмысының бұзылуы.

## **5.6 Металл құбырлардан құбырларды пайдалануға дайындау**

5.6.1 Жұмысқа қосылар алдында металл құбырлар ҚР БҚ 34 ҚР.0-20.522-05 талаптарына сәйкес мұқият қаралуы керек.

5.6.2 Егер құбырлардың қосылуы жөндеу немесе ұзақ уақыт бойы ажыратылудан кейін жүзеге асырылса (10 тәуліктен жоғары) онда тексерілуі керек:

- жылу оқшаулауының дұрыстығы;
- жылжымалы емес және тайғанайтын тіректердің, серіппелі бекіткіштер, компенсаторлардың дұрыстығы;
- дренаждар мен ауа ұстағыштардың күйі;
- жылу бақылау құралдарының дұрыстығы және болуы;

- құбырдағы автоматты лақтыру құрылғысының дұрыстығы (сақтандыру мембраналары, үзілмелі серіппе құрылғылары, гидробекіткіш және т.с.с).

5.6.3 Құбырларды толтыру 40 °С төмен емес 70 °С және жоғары емес температуралы тазартылған сумен жүзеге асырылады.

5.6.4 Металл құбырларды сумен толтырар алдында станциялы құбырлардағы жылумен жабдықтау желілері болуы керек:

- барлық дренажды құрылғылар жабық;
- кері және беретін құбырлардағы басты ысырмалар жабық;
- кері және беретін құбырлар арасындағы қосқыштағы ысырма жабық;
- толтырылатын құбырлардағы барлық ауа ұстағыштар ашық.

5.6.5 Жылу құбырының негізгі магистралінің сумен толтырылуы келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

- кері құбырда басты ысырманың байпасы ашылады, содан соң ысырманың өзі ашылады;
- кері магистральді толтыру аяқталғаннан кейін кері және беретін құбырлар арасында қысқыш ашылады және беретін магистральді сумен толтыру басталады.

5.6.6 Толтырудың барлық уақытына басты ысырмалар мен берілетін және кері құбырлар арасындағы бөгеттеріндегі ысырмаларын ашу деңгейі орнатылады және жылу желісі операторының нұсқауы бойынша ғана өзгертіледі.

5.6.7 Тасымалданатын ортамен құбырларды толтыруға техникалық талаптар мен негізгі шаралар өндірістік-техникалық бөлімнің мамандары әзірлеген арнайы техникалық нұсқаулықпен орнатылады, сонымен бірге анықтаушы шарты болып қысқы мезгілде толтыру кезінде судың қатып қалмауын қамтамасыз ету мен гидравликалық соққыларды болдырмау болып табылады.

5.6.8 Құбырды толтыру, ауа крандарынан ауаның шығуы тоқтаған уақытта аяқталған болып есептеледі және одан кейін оны жабу керек.

5.6.9 Құбырларды толтыру аяқталғаннан кейін 2-3 сағат ағымында ауаның барлығы шыққандығына көз жеткізу үшін ауа крандарын бірнеше рет ашу керек. Сіңіргіш сорғылар толтырылған желінің статикалық қысымын ұстау үшін жұмыс істеп тұруы керек.

5.6.10 Магистралды құбырларға кіретін жерлерде температураның өзгеруі бірте-бірте және 30 °С/сағ аспайтын жылдамдықпен біркелкі жүзеге асырылуы керек.

5.6.11 Циркуляциялық және жылу режимдерін орнатқаннан кейін екі-үш күн ағымында жүйелі түрде станциялы құбырлардың барлық ауа құрылғылары арқылы ауаны шығарып тұру керек.

## **5.7 Металл құбырлардан құбырларды жөндеу**

5.7.1 Құбырларда немесе дәнекерленген жіктердегі қаяулар, жарықтар, тесіктер және қажалуларды дәнекерлеуге немесе ұшын шырпуға тыйым салынады. Ақаулықтарды құбырдың зақымдалған аймағын алмастыру арқылы ғана жоюға болады.

Егер құбыр қабырғасының қалыңдығы минустық қол жетімділік шеңберінен шықпаған болса, егеуіш, егеу шеңберімен немесе терімен тазартып 0,2 мм кем емес тереңдігі бар кішігірім ақаулықтарды жоюға болады.

5.7.2 Құбырдың қойылатын учаскесінің ұзындығы оны қатты тартпай дәнекерлеу қамтамасыз етілетіндей болуы керек.

Жапсарланған құбырлардың жиектері арасындағы саңылауды дәнекерлеу әдісіне байланысты түйісудің құрылымын орнататан дәнекерлеу жөніндегі шебер тағайындайды.

5.7.3 Түйісетін құбырлардың ұштары ластан тазартылуы керек және жылтырағанға дейін 15-20 м енімен ішкі және сыртқы жағынан тазартылуы керек. Тазалау абразивті шеңберлермен тегістеу машинкаларымен тек механикалық әдіспен ғана толтырылады.

5.7.4 Түйісетін құбырлардың ішкі диаметрлерінің айырмашылығы 2 мм астам болмауы керек.

5.7.5 Төсем шығыршықтары қолданыстағы нормативті-техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес дайындалады. Төсем шығыршықтарының пайдаланылуы мен монтаждалуы ыстық сумен сұйық отынды сақтауға арналған металл резервуарларды пайдалану жөніндегі Типтік нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады (Қазақстан Республикасының Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі Комитет Төрағасының 2009 жылғы 24 желтоқсандағы №111-П бұйрығымен бекітілген).

Қажеттілігіне қарай шығыршықтарды табақты металл беттерінен әзірлеуге рұқсат беріледі, бұл кезде шығыршықтың түйіскен жері дәнекерленуі керек және дәнекерлеу жігі тазартылуы керек.

5.7.6 Дәнекерлеу үшін құбырлардың түйісуілерін жинау жапсарланатын құбырлардың келістігін қамтамасыз ететін арнайы орталықтау құрылғыларымен жүзеге асырылуы керек.

5.7.7 Дәнекерлеу жұмыстарын қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып жүзеге асырады. Дәнекерлеу жұмыстарын жүзеге асыруға қойылатын санитарлы-гигиеналық талаптар дәнекерлеу материалдарын өндіру бойынша кәсіпорындарға арналған Санитарлы ережелер ішінде келтірілген (электродтар, ұнтақты сым және флюстер) № 1.04.039-94.

5.7.8 Дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу үшін дұрыс жұмыс істейтін дәнекерлеу жабдығын қолданады. Дәнекерлеу жабдығына қойылатын негізгі талаптар қолданыстағы НТҚ келтірілген: МЕМСТ 14651-78 (СТ СЭВ 6305-88), МЕМСТ 8213-75.

5.7.9 Электродтарға қойылатын негізгі талаптар қолданыстағы НТҚ келесі талаптарына жауап беруі керек: МЕМСТ 9467-75, МЕМСТ 9466-75, МЕМСТ 5.1215-72.

## **5.8 Құбырлардың тіректерін жөндеу**

5.8.1 Құбырдың тіректерін жөндеу кезінде келесі талаптардың орындалуын қамтамасыз ету керек:

- жылжымайтын тіректе құбыр жастыққа тығыз орнатылуы керек, ал қамыты құбырға жақын тұруы керек;

- жылжымалы тірек барлық жазықтығымен плитаның бетінде жатуы керек. Тіректің тұрқы орын ауыстырудың кері бағыты, жағына тірек плитасына қатысты құбырдың жылу алмастыру ұзындығына жылжытылуы керек. Жылжымалы тіректің сырғанайтын беттері, шеңберлер қажалуы азайтылуы үшін графитпен сүртілуі керек;

- жылу алмастырылуы жоқ құбырлардың аспасын тарту тігінен орнатылуы керек;

- жылу алмастырылуы бар құбырлар аспаларының тартулары жылу алмастыру ұзындығының жартысына тең еңіспен орнатылуы керек.

Аспалардың серіппелері жөндеу формуляры немесе жобалау сызбасына сәкес алдын ала тартылуға реттемеленуі керек.

5.8.2 Тіректердің ығысуы мен жылжуын монтаждау кезінде немесе алдыңғы жөндеуге жөндеу формулярына енгізілген тірек және репер арасындағы саңылаулар бойынша бақылау керек.

## **5.9 Металл құбырлардан құбырларды жуу**

5.9.1 Алмастырылған учаскені жуу гидравликалық тазартылуынан кейін жүзене асырылады. Егер жылу жүйелірінің опрессовкалары жүргізілсе, онда жуу гидравликалық сынауға дейін жүргізілуі керек.

5.9.2 Жуу гидропневматикалық әдіспен жүргізілуі керек, яғни сығылған ауасы бар сумен.

5.9.3 Жуу келесі ретпен жүзеге асырылады:

- құбырдың бір ұшына (жоғары нүктеде учаскенің иіліп орналасуы кезінде) ысырмалар ойылады, оларға сығылған ауа мен судың көздері қосылады;

- құбырдың екінші ұшында (әдетте оның төменгі нүктесінде) кәрізге жуу суын лақтыру үшін дренаж ұйымдастырылады, оның үстіне дренажды бұратын құбыр сенімді етіп бекітілуі керек;

- жуылатын құбыр ауа ұстағыштар мен жабық дренаж кезінде сумен толық емес қиылысумен толтырылады;

- компрессор қосылады, қысым көтеріледі және бірмезгілде құбырда судың қозғалысы басталады, ол үшін дренаж желісі мен суды бұру желісі ашылады;

- құбыр учаскесінің соңындағы ауа қоспасының жылдамдығы 1,5 - 3 м/с болуы керек.

Жуу кезінде құбыр толық емес қиылыспен сумен толтырылған күйде қалуы керек, бұл бекітпе арматурамен немесе дренаж бен суды бұрудағы ысырмалармен реттеледі.

5.9.4. Гидропневматикалық жуу суының лақтыруында бастапқы сапа пайда болғанға дейін жүргізіледі (түсі бойынша), одан соң 15 мин ағымында жуу тек сумен жүзеге асырылады.

5.9.5 Гидропневматикалық жууды жүргізу мүмкін болмаған жағдайда және тек сумен жуған кезде соңғысының жылдамдығы пайдаланудан 3-5 есе рет асуы керек, бұған арнайы сорғыны қолдана отырып қол жеткізіледі.

5.9.6 Егер сорғы станциясы (компрессорлық) жылумен жабдықтаудың ашық жүйелеріне суды берсе, онда құбырдың түпкілікті жуылуы ауыз суынатиісті санитарлық нормаларға көрсеткіштердің лақтырылатын суғв қол жеткізгенге дейін ауыз суымен орындалуы керек.

## **5.10 Құбырларды оқшаулау**

5.10.1 Құбырларды оқшаулау бойынша негізгі шараларды қолданыстағы нормативті-техникалық құжаттамаға сәйкес жүзеге асырады:

СЕ 41-103-2000, ҚР СЕ 4.01-14-2005, ҚР СЕ 4.02-04-2003, МСН 4.02-03-2004.

5.10.2 Оқшаулау жұмыстарының құрамыға тот басуға қарсы қоспамен бояу, құрылыс құрылымдары мен құбырлардың жылумен оқшаулауының негізгі қабатына жабындармен гидрооқшаулау кіреді.

5.10.3 Құбырлардың тот басуға қарсы жабынының құрылғысы мен монтажи өндіруші зауыт нұсқаулықтарымен анықталады.

